

Б. Момынова
Қ. Слямбеков

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
*Байланыс үшін автор: zatpost@gmail.com

Кейбір тілдердегі академиялық грамматика жазу дәстүрі: ғылыми аппараты, құрылымы мен рәсімделуі

Аңдатпа. Академиялық грамматика – қазақ тілі грамматикасын зерттеп, ғылыми деңгейге көтерген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесі, іргелі еңбектердегі танымал ғылыми ойлар мен тұжырымдардың жиынтығы. Академиялық грамматика қазіргі тілді жеке-жеке конгломераттар жүйесі ретінде емес, бір-бірімен тығыз байланысты, тілдегі бар сөздердің, сөз формаларының, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің органикалық тұтастықпен түзілісін тілдік заңдылықтар негізінде қарастыруға негізделеді. Айталық, морфологияның кейбір қиын мәселелері синтаксистік, сөзжасамдық негізде түсіндірілсе, сондай-ақ осы деңгейлердің аражігі барынша ғылыми түрде ажыратылса, грамматикалық тұлғалардың табиғаты, мағынасы толығырақ ашылып, қиындықтар азая түседі. Бұл, бір жағынан, морфологияның тілдің бір грамматикалық деңгейі болуымен, ал грамматикалық деңгейлердің енді бірі – синтаксис болуымен байланысты болса керек. Кейбір грамматикалық тұлғалардың мағыналары лексикалық мағынаның көмегімен айқын бола түседі. Яғни тіл жүйе, тіл тұтастық деген қағида жайдан-жай туындамаса керек.

Адамзат тарихында 2500 жыл бұрын басталған грамматиканы жазу дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бүгінгі ТМД елдерінде академиялық грамматиканы жариялау белді бағытқа айналған. Грамматиканы жазудың әр тілде әртүрлі дәстүрі мен жинастыру, ұсыну амалдары бар. Соларды салыстырып, озық үлгілерін анықтап, грамматиканы жазудың заманауи құралдарын табу аталмыш мақаланың мақсаты болып саналады. Мұның нәтижелері 2022 жылы жарық көру жоспарланған «Қазақ грамматикасына» пайдаланылады.

Кілт сөздер: академиялық грамматика, морфология, синтаксис, сөзжасам, грамматика тарихы, қазақ грамматикасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2022-140-3-114-128>

Кіріспе

Қазақ тілінің шығаруға жоспарланып отырған академиялық грамматикасы тілдің қазіргі синхронды күйін басшылыққа алады, синхрония да

– динамикалық құбылыс, бірақ болып жатқан өзгерістердің бәрін қамтып қалу мүмкіндігі аз, дегенмен соңғы грамматика жазылғаннан бергі кейбір өзгерістер, тұжырымдарды талқылап барып басылымның құрамына енгізу көзделеді. Ал кей тұстарда,

қажетіне қарай, мөлшермен диахроникалық фактілерді де қосуға болады. Мұндай фактілер сөзжасам бөлімінде көбірек кездесуі мүмкін, мысалы, конверсияның табиғаты – тарихи. Айталық, қазақ тіліндегі көнеден келе жатқан негізгі сын есімдер синтаксистік қызметі нәтижесінде, екі есім сөздің қосымшасыз тіркесуі нәтижесінде зат есімнен бөлініп шыққан. Сондықтан *ақ, көк, қара* сынды сын есімдер әрі заттық, әрі сындық мағынаны білдіретіні жұмасым барысында анық айқындалады және сын есімдердің грамматикалық категориялар мен грамматикалық форма тудырушы көрсеткіштерге кеңде болуының себебін түсіндіреді. Тіпті осы жайт көне емес жаңа деп саналатын сын есімдердің тууына да әсер ететінін терістеу қиын, мысалы: *алматылық* (зат е.) – *алматылық жігіт* (сын есім) т.б. Әрине, сын есімге ғана тән шырай категориясы мен сын есім тудыратын жұрнақтар – сын есімнің грамматикалық көрсеткіштеріне жатады.

Академиялық грамматика аудиториясы қандай болуы тиіс? Бұл сұрақ маңызды, себебі жазылып отырған еңбекке кімдердің қызығатыны, не үшін қызығатыны, қажеттілік деңгейі қандай болатыны осы сауалға қарай ескеріледі. Кейбір тілдердің академиялық грамматикаларының аудиториялары былайша анықталған: 1) білім беру саласы және ғылыми ортаға арналады; 2) мектеп және академиялық ортаға арналады; 3) ана тілінің не болмаса үйреніп жүрген тілдің грамматикалық құрылымын сипаттайтындықтан, тіл үйренушілерге де арналады; 4) жеке бір тілдің немесе тілдердің салғастырмалы болмаса тарихи-салыстырмалы грамматикасы туралы мәліметтер алу үшін т.б. Грамматикалық сипаттама толық (кең) немесе қысқа (тар) ауқымда жазылуы мүмкін. Тар ауқымды академиялық грамматикаларда тек грамматика мәселелері (морфология, синтаксис, сөзжасам) қамтылса, ал кең ауқымда аталған деңгейлерден бөлек, фонетика мен лексикология да құрылымына енгізіледі.

Академиялық грамматикаларды негізінен бейтарап стильде жазуға басымдық беріледі немесе арнайы стильде жазылады. Сондай-ақ тілдік норманы сипаттайтын нормативті грамматика, узуалды грамматика болады.

Ал теориялық грамматиканың мақсаты грамматика ілімін тереңдете тану мен таныту болса, практикалық грамматика білім беру жүйесінде пайдалануға ыңғайлы грамматика болып табылады.

Кейбір тілдік формаларды өзге формалар арқылы (формальды) түсіндіру жұмыстары орындалады, егер грамматикалық форма, грамматикалық категория шешімі тілден тысқары мәселелермен түсіндірілсе, онда семантикалық, ментальды грамматикаға жатқызылады. Қазақ грамматикасында қажетіне қарай сөз семантикасымен, кейде тарихи-мәдени семантикамен, грамматикалық мағыналардың табиғатын лексикалық мағынамен т.б. байланыстырып түсіндіріледі.

Академиялық грамматикалар мақсатына қарай сипаттамалы немесе дескриптивті грамматикалар болады, мұндай грамматикалар дұрыс жазу мен айтуға үйрететін ұсыныстарға негізделеді. Біздің ойымызша, грамматиканың өзі дұрыс жазу, бір грамматикалық форманың өзге бір форма арқылы пайда болуы, бір форманың екінші формаға ауысуы, бір форманы екінші бір формамамен алмастыру жолдарын көрсетеді, үйретеді. Сонымен қатар сөйлеу кезіндегі формалардың қызметін ашады. Сөйлеу кезіндегі сөздердің қызметін ашуда тек әдеби тіл немесе классикалық әдебиеттен ғана мысалдар алу аз, ауызекі сөйлеу тілінен де мысалдар алынады. Бірақ, негізінен, функционалды, қазіргі әдеби тіл материалдарын тілдік факт етіп алады. Басқа бағытпен, яғни сөйлеу тілін грамматикалық талдауларға негіз ететін бағытта жазылып жатқан грамматикалар туралы мақалада кеңірек тоқталу көзделді.

Ал жоспарланып отырған қазақ грамматикасы осыған дейін қалыптасқан жүйе бойынша кең ауқымды грамматика болады деп күтілуде, яғни фонетика, фонология, морфонология, морфология, сөзжасам, синтаксис (ішкі жіктелістерімен) деңгейлерінен тұрады. Енді кейбір елдердегі (жақын және алыс шетелдердегі) академиялық грамматикалардың құрылымына, құрылысы мен түзілісіне, кейбір безендірілуі туралы ізденістердің нәтижесі ұсынылады.

Мәселені белгілеу

Мақаланы жазу барысында «Қазақ грамматикасы» (1967, 2002), «Русская грамматика» (1952-54, 1960-61, 1980), «Татар тілі грамматикасы» (1959, 1969-71, 1992-95, 1998-2002, 2013-16), «Өзбек ана тілі грамматикасы» (1980, 1992-95), «Беларусь грамматикасы» (1960) атты ірі академиялық грамматикалық еңбектерге, сондай-ақ, «Cambridge English Grammar» (2002), «Oxford Modern English Grammar» (2011), «Cambridge Grammar of English» (2006), «Turkiye Turkcesi Grameri. Shekil Bilgisi» (2003) атты шетелдік ірі грамматикалық еңбектер зерттеу жасалды.

Зерттеу әдістері

Өртүрлі тілде жарияланған ірі ұжымдық грамматикалық еңбектер мен кеңес кезінде жарық көрген академиялық грамматикаларға қатысты материалдарды жинау, топтастыру, материалдарды бір-бірімен салыстыру, лингвистикалық талдау жасау, негізгі басымдықтарын табу мақсатында ой қорыту, тұжырым жасау сынды әдістерді қолдану арқылы зерттеу жүргізілді.

Талқылау

Академиялық грамматиканың жаңа буынын шығару үшін әлемдік және бұған дейінгі кеңестік кезеңде жарық көрген грамматикалық еңбектерді салыстырудың маңызы зор. Бұл еңбектерде қолданылған негізгі концепциялар мен технологиялар отандық ғылымда да қолданылуы шарт.

3.1 Академиялық грамматикалар тарихынан. Адамзаттың тілді зерттеу тарихы грамматикадан басталды деуге негіз бар. Қазіргі оқытылып, зерттеліп жүрген грамматикалық категориялар антикалық тіл білімі дәстүрінен бастау алған. Гректерде Аристотельдің, римдіктерде Варронның грамматика мектебі қалыптасып, кейін еуропалық классикалық грамматиканың негізіне айналды. Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінде үнді лингвистері қалаған санскрит грамматикасына жаңа

ұғымдар мен латын грамматикасының категориясын енгізіп, қазіргі теориялық грамматиканың негізі салынды.

Адамзат тарихында 2500 жыл бұрын басталған грамматиканы жазу дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Бүгінде грамматиканы жазудың түрлі бағыттары қалыптасқан. Сипаттамалы грамматика, нормативті грамматика, теориялық грамматика, дәстүрлі грамматика, академиялық грамматика т.б. Одан бөлек, анықтамалық грамматика, педагогикалық грамматика, салыстырмалы грамматика, тарихи грамматика, трансформациялық грамматика, әмбебап грамматика, когнитивті грамматика, функционалды грамматика, ауысымдық грамматика, корпустық грамматика сынды сан түрлі бағыттарда жазылады.

Бірақ кез келген халықтың бағына бұйыра бермеген грамматиканың бір түрі бар. Ол – академиялық грамматика. Академиялық грамматика дегеніміз – тілдің бүкіл құрылысын бастан-аяқ сипаттап жазып шығатын көлемді ғылыми грамматика. Бұл – белгілі бір лингвистің ғана өзінің концептуалдық тұжырымы негізінде жазып шығатын еңбек емес, ғылыми қауым мақұлдаған ұжымдық зерттеу жұмысының нәтижесі. Үлкен-кішіге, түрлі сала мамандарына бейімделіп жазылған, соған қарамастан ғылыми нормативті құрылымда сипатталған, ғылыми аппараты толыққанды еңбек.

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» қазақ тілінің академиялық грамматикасына былай деп анықтама берілген: «Қазақ грамматикасы» – қазақ тілінің бүкіл грамматикалық құрылысын, бар деңгейін бірге алып қарастырған, бірбүтін тұтас еңбек» [1].

1980 жылы жарияланған «Русская грамматика» еңбегінде академиялық грамматиканың құрылымы қандай болу керектігі жайлы нақты ұстаным берілген:

«Русская грамматика» ставит своей целью дать описание современного состояния грамматического строя русского литературного языка – его морфемике, словообразованию, морфологии и синтаксису. В «Грамматику» включено также описание русской фонетики,

фонологии, ударения и интонации: содержащиеся здесь сведения необходимы в разделах, посвященных морфологии, словообразованию и синтаксису» [2]. Аудармасы:

«Русская грамматика» орыс әдеби тілінің заманауи грамматикалық құрылымын – морфемика, сөзжасам, морфология және синтаксис жүйесін сипаттау мақсатын алға қояды. Сондай-ақ «Грамматикаға» орыс тілінің фонетикасы мен фонологиясы, екпін және интонация мәселелері қосылды. Бұл морфология, сөзжасам және синтаксис мәселелерін қарастыруға қажет болатын бөлімдер» делінген.

Татар тілінің 2015 жылы шыққан академиялық грамматикасында

«Академиялық грамматика – тілдің бүкіл лингвистикалық қазыналарын есепке алып, нормативті және сипаттамалы бағытта, ғылыми тілде жазылған ең ірі біртұтас еңбек» делінген [3].

Беларусь тілінің 1962 жылы жарық көрген академиялық грамматикасында мұндай грамматиканың сипаттамалы және нормативті негізде жазылатыны айтылған. Академиялық грамматиканың мақсаты қазіргі беларусь әдеби тілінің грамматикалық нормасын сипаттап жазып қалдыру деп көрсетілген.

Академиялық грамматика көптеген елдерде жоқ. Кеңестік лингвистикада академиялық грамматиканы жазу және хаттау деген дәстүр мен үрдіс болған. Бұл жайлы беларусь тілінің академиялық грамматикасында «грамматиканың мұндай түрін жазуға деген талпыныс пен мұқтаждық бұрыннан бар-тұғын, бірақ кеңес кезінде ғана оны жүзеге асыру мүмкін болды» делінген [4].

Әр кеңестік елдің тіл білімі институттары академиялық грамматиканы шығаруды өзіне көпжылдық міндет етіп қойды. Кеңестік кезеңде академиялық грамматиканы жазудың бір емес, бірнеше толқыны жүзеге асты. Бәрінің бастауында – 1952-1954 жылдары жарық көрген орыс тілінің қос томдық академиялық грамматикасы болды. Кейін бұл грамматика 1960 жылы толықтырылып қайта басылып шықты. Бірақ 1980 жылы шыққан грамматикасы алдыңғы басылымдардан өзгеше. Бұл еңбекті шығару үшін орыс линг-

вистері айтарлықтай еңбек етті. Орыс тілінің зерттелмей қалған синтаксис және сөзжасам салалары бойынша ұзақ жылдарға созылған зерттеулер жүргізілді. Соның негізін академиялық грамматикаға енгізіп, ол «Сөзжасам» атты жаңа тараумен толықты.

Орыс тіліндегі академиялық грамматиканың осымен үш толқыны шыққаны белгілі. ХХ ғасырдың басында Ресей ғалымдары академиялық грамматиканы тағы жазу міндетін қойғанымен, әлі қолға алынбай келеді. 2016 жылдан бері осы мәселеге байланысты қызу пікірталастар жүріп жатыр. Бұл еңбекке «Русская грамматика. 4.0» атты жаңарту таңбасы берілгенімен, оның нақты қашан жарыққа шығары белгісіз.

3.2 Қазақ тілінің академиялық грамматикалары тарихынан. Қазақ тілінің академиялық грамматикасын шығару ісі 1950-60 жылдардан басталады. 1954 жылы «Қазіргі қазақ тілі» атты (М.Балақаев, А.Ысқақов), 1961 жылы «Қазіргі қазақ тілі грамматикасы» (М.Балақаев пен Т.Қордабаев) атты ғылыми курстарының арнаулы оқулықтары жарық көрді. 1962 жылы фонетика мен морфология тарауларынан құралған «Қазіргі қазақ тілі» жарыққа шықты. Ал 1967 жылы морфология, синтаксис салаларын қамтыған «Қазақ тілінің грамматикасы» атты екі томдық академиялық грамматика басылып шықты. Осыдан кейін 30 жылдан соң 2002 жылы «Қазақ грамматикасы» атты біртұтас еңбек жарық көрді.

Бұл академиялық грамматиканың алғы сөзінде қазақ тілінің құрылымдық грамматикасын шығару тарихына біршама тоқталған. П.Мелиоранскийдің

«Краткая грамматика казак-киргизского языка», А.Казембектің «Общая грамматика турецко-татарского языка», О.Бетлингтің «Über die Sprache der Jakuten» және «Грамматика алтайского языка», А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбектері қарастырыла келе, бұл академиялық грамматиканың ерекшелігі не болмақ деген сауалға былай деп түсініктеме беріледі:

«Қазақ грамматикасы» – сипаттамалы және нормативті грамматика. Академиялық грамматикаларды дайындау тәжірибесінде

БИБЛИОГРАФИЯ *

(по вопросам фонетики и морфологии якутского и тюркских языков)

- Абдуласов А.* Глагольные словосочетания в современном узбекском литературном языке. Автореф. канд. дис. Самарканд, 1959. 17 с.
- Абдуласов А.* Фонетические и морфологические способы усиления значения в современном узбекском языке. Автореф. канд. дис. Ташкент, 1970. 25 с.
- Абиякаев А.* Семантико-грамматическая природа глагола «еде» в современном казахском языке. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1962. 18 с.
- Азизов А и др.* Сопоставительная грамматика русского и узбекского языков (Краткий курс). Ташкент, 1960. 140 с.
- Алимов П.* Префиксация в туркменском языке. Ашхабад, 1947. 24 с.
- Антонов П. К.* О соответствии начальных *с/й* в якутских и тюркских именных основах. — Тр. ИЯЛИ Якутского филиала СО АН СССР, вып. 4 (8), 1963, с. 41—48.
- Антонов П. К.* Двухсложные именные основы с пенторичными долгими гласными в первом слоге. — Тр. ИФР Якут. госуниверситета, 1969, с. 173—180.
- Антонов П. К.* Материалы по исторической лексике якутского языка. Якутск, 1971. 176 с.
- Антонов П. К.* Исследования по исторической лексике якутского языка (Именные основы). Автореф. докт. дис. Якутск, 1973. 55 с.
- Аралбаев Ж. А.* Вокализм казахского языка. Алма-Ата, 1970. 178 с.

Якут тілінің грамматикасы. 1982 жыл.

1-сүрет. Арнайы библиографиялар

сипаттамалы грамматика деп әдеттегі жай, тіркемелік бағыттағы сырт сипаттаманы емес, ғылыми сипаттаманы айтады. Және олардағы бұл ғылыми сипаттама міндетті түрде нормативті саралаумен үнемі сабақтасып жатады. Бұл дәстүр мүмкін болғанша «Қазақ грамматикасында» да сақталды: қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысының сипаттамасы да солай ғылыми негізге құрылды (яғни онда түрлі теориялық мәселелерді шешу, тіл фактілерінің ғылыми жүйеленімі сияқты міндеттер көзделді және грамматиканың жалпы

нормативтік бағытта жазылу жағы да ескерілді). «Қазақ грамматикасында» қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысы – фонетикасының, сөзжасамының, морфологиясының және синтаксисінің қазіргі қалпы сипатталады» делінген [1, 5]. Жаңа грамматикада да осы мәселелер негізгі ұстаным болады. Сонда осы күнге дейін қазақ тілінің екі академиялық грамматикасы басылды деуге болады.

Соңғы академиялық грамматикаға біршама жаңалықтар енгізілді. Ең алдымен Н.Оралбаеваның бастамасымен «Сөзжасам» атты

Предметный указатель¹

| | | | | | | | | | | |
|---|---|--|---|---|-------------------------------------|--|--|---|---|---|
| аббревиатуры 203, 588, 589; структурные типы аббревиатур 588; род аббревиатур 588, 1144; склонение аббревиатур 588, 1221; аббревиатурное усиление см. усиление основы | аббревиация 203, 588, 590; авления, промежуточные между аббревиацией и сложением 203, 589 | абсолютное употребление форм времени см. время глагола | абстрактные (отвлеченные) существительные см. существительное | адвербиальные (наречные) значения деепричастий см. деепричастие | адъективное склонение см. склонение | адъективные значения причастий см. причастие | активный подтип 148; акцентные подтипы кратких прилагательных 1353, кратких причастий 1637 | валентных 239, 256, 260, 320, 504, 507, 513, 515, 517, 519, 520, 524, 525, 573, 669, 982, 990; словозменительных 1343, 1344, 1346, 1348; префиксов 507, 694, 707, 727, 1038; флексий 1184, 1185, 1188, 1198, 1216, 1281, 1282, 1284, 1310, 1317, 1325, 1327 | вариант фонемы (сильной, слабой) см. фонема | вариантные формы 1113; существительных 1146, 1175, 1178–1183, 1185, 1188, 1191, 1198–1200, 1202–1207, 1210, 1211, 1213, 1221; местоимений-существительных 1281, 1282, 1284; прилагательных 1310, 1312, 1317, 1321, 1325, 1327, 1339, 1343, 1347, 1349, 1350; числительных 1370, 1375; глагола (спрягаемых форм) 1475, 1494, 1554, 1560, 1562, 1571, 1573; причастий и деепричастий 1580, 1581, 1583–1585, 1590–1593; инфинитива 1594; вариантная парадигма 1209, 1211, 1554, 1560, 1562, 1571, 1573 |
|---|---|--|---|---|-------------------------------------|--|--|---|---|---|

¹ Цифрами обозначены номера параграфов; при ссылках на «Введение» указаны страницы.

Русская грамматика. 1980 жыл. I-том.

ПРЕДМЕТНЫЙ УКАЗАТЕЛЬ

аббревиатуры 227¹

аббревиация см. способы словообразования

абсолютно открытый слог см. слог

адвербиализация см. словообразование наречий

адъективизация см. словообразование прилагательных

аккомодация 44; 50.

Татар грамматикасы. 1995 ж. I-том

2-сүрет. Пәндік сілтеме

ТЕРМИННАР КҮРСӘТКЕЧЕ

| | |
|--|--------------------|
| аббревиатуралар (кыскартылмалар) | 200, 211 |
| инициаль кыскартылмалар | 200, 201, 211 |
| элементлы кыскартылма сүзләр | 200, 211 |
| аббревиация (к. сүзьясалыш ысуллары) | 200 |
| абсолют ачык ижек (к. ижек) | 23 |
| абстракт исемнәр белдерә торган кушымчалар (к. кушымчалар) | аваз 10, 14–42, 69 |


Татар грамматикасы. 2015 жыл. 1-том

3-сүрөт. Терминдик көрсөткеш

бөлек тарау қосылды. Аталмыш сала қазақ тіл білімінде 1980 жылдардан бастап морфологиядан бөлініп, дербес сала ретінде қалыптаса бастаған еді.


Кеңес кезінде татар, өзбек, якут, түркімен, башқұрт, қарақалпақ сынды түркі тілдерінің де академиялық грамматикалары жарық көрді. Бұлардың ішінде бір қызығы, саха (якут), түркімен және башқұрт тілдерінің академиялық грамматикалары орыс тілінде жарық көрген. Өзбек тілінің 1982 жылғы Ғ.Абдурахмоновтың редакторлығымен жарық көрген академиялық грамматикасы «Ана тілі грамматикасы» деген атаумен шыққан. Кейін осы еңбек 1995-1996 жылдары тағы да қос томдық түрінде баспа көрді.

Бұл академиялық грамматикалардың барлығы (орыс тілі мен беларусь тілінің де) қос томдық түрінде шыққан. Яғни, бірінші томда фонетика мен морфология тақырыбы қозғалса, екінші томда синтаксис мәселесі қозғалған. Осыған қарағанда кеңес дәуірінде академиялық грамматиканың жазудың өзіндік мектебі мен дәстүрі, қалыптасқан құрылымы болғаны байқалады. Алғысөзде ұжымдық еңбекті жазуға қатысқан авторлар мен тақырыптары көрсетіледі. Ал соңында ғылыми әдебиеттер және зерттеу материалы ретінде алынған әдеби шығармалар, сөздіктер бөлім-бөлім бойынша көрсетіледі. Бірақ мәтіннің өз ішінде (тараулары арасында) сілтеме берілмейді. Сондай-ақ, шетелдік ғылыми әдебиеттерді де



Татар теле грамматикасы. 1959 жыл

4-сүрөт. Библиография



5-сурет. Пайдалынған әдебиеттер

пайдалануға болады. Кейбірінде арнайы мәселе бойынша қолданылған әдебиеттер бөлек көрсетілген (1-сурет).

Кей академиялық грамматикаларда арнайы пәндік сілтемелер (2-сурет), терминдік көрсеткіштер (3-сурет) мен библиография (4-сурет), пайдаланылған әдебиеттер (5-сурет), есім көрсеткіштері (6-сурет), қысқартуларды берген. Морфология мәселесі қозғалған томдықта морфемалар көрсеткіші (сөз түрлендіруші және сөз тудырушы) қоса берілген (7-сурет).

2013 жылы профессор М.Зәкиевтің редакторлығымен шыққан Татар академиялық грамматикасы үш томнан тұрады. Бірінші том фонетика, графика, морфонология мен сөзжасамға арналса, екінші том – морфологияға, үшінші том синтаксиске арналған.

Академиялық грамматиканың рәсімделуінде қатаң қағида жоқтығы байқалады. Кесте мен сызбалар, суреттер беріліп отырған. Бірақ иллюстрация жоқ. 1980 жылға дейін академиялық грамматиканың беттері толық парак, кейінгі еңбектер қос бағанамен берілген. Мұндай дизайн өз кезегінде көлемді кітапты ықшамдауға әрі академиялық сипат беруге көмектескен сияқты.


Академиялық грамматиканы жазу әдісі ретінде екі әдісті атауға болады: олар – сипаттамалы және нормативті. Ал зерттеу материалы ретінде тілдің әдеби түрі алынады. Кеңес кезінде шыққан академиялық грамматикалардың қайсысын алып қарамасаңыз да, грамматиканың бұл типтік нұсқасы тек әдеби тілге негізделуі тиіс екені анық айтылады. Сол сияқты 2002 жылы шыққан

ИСЕМНӘР КҮРСӘТКЕЧЕ

| | |
|--------------------------------------|------------------------------------|
| Айдар Ә. 297 | Баскаков Н.А. 134, 216, 219, 222, |
| Алекперов А.Г. 354, 361, 363 | 232, 234, 235, 240, 244, 247, 250, |
| Алиш А. 450, 458 | 252, 253, 309, 311, 333, 335, 339, |
| Алпаров Г. 7, 10, 93, 213, 218, 269, | 361, 375, 379 |

Татар грамматикасы. 2015 жыл. I-том

6-сурет. Есім көрсеткіші



7-сүрөт. Морфемалар көрсөткіші

«Қазақ грамматикасында»: «Қазақ грамматикасы» – қазақ әдеби тілінің грамматикасы [1]. 1980 жылы шыққан «Орыс грамматикасын» да авторлар солай қазіргі орыс әдеби тілінің грамматикасы деп атаған» [2] деген ұстаным бекітілген.

3.3 Орыс тілінің академиялық грамматикасы туралы. Алайда соңғы жылдары орыс тіл білімінде академиялық грамматиканы шығаруға деген көзқарас біршама өзгергенге ұқсайды. Ресей лингвистикасының жаңа буын ғалымдары академиялық грамматика әдеби тілмен бірге ауызекі сөйлеу тілінің деректерін де қолдануы тиіс деген тұжырым айтады.

Мәселен, Ресей лингвисті, профессор Галина Куставо мынандай қос ұғымды шатастырмау керетін алға тартады: «У нас часто смешиваются понятия «академический» и «академичный». Считается, что академическая грамматика должна изучать строгий, правильный язык, очищенный от разговорной стихии. На самом деле академическая грамматика – это научная грамматика, которая охватывает и описывает весь язык, все его конструкции, в том числе и разговорные. Именно они и являются лицом русского языка, его специфичными чертами, которые от-

личают его от других языков. А одна из задач грамматики – описать, чем один язык отличается от других. Академическая грамматика противопоставлена не разговорному языку, а школьной грамматике, упрощенной, адаптированной. С тех пор, как писались старые грамматики, научные представления уже не раз изменились. Появилось много разных теорий, которые никогда не применялись к русскому языку, поскольку в советский период не было международных связей, до нас не доходили публикации на иностранных языках. И получается, что наша грамматика остается какой-то провинциальной, периферийной. А сейчас все эти теории доступны, мы отслеживаем новые тенденции в науке. Естественно, и наша грамматика должна быть написана на новом научном языке» [5].

Сондай-ақ, Ресей лингвисті, профессор Юрий Рубин академиялық грамматиканы жазуға мысалдарды әдеби шығармадан алу шарт па дегенге былай деп тұжырым айтады: «Очевидно, что нормативная грамматика сегодня сильно оторвалась от реальной почвы, от того, что удобно использовать людям. На мой взгляд, это неправильно – двойных стандартов быть не должно. Раньше, когда одно-

временно существовали и высокий язык, и разговорный обиходный, это было вполне оправданно – первым пользовались люди состоятельные и образованные, вторым – простой люд. Но сегодня высокий слог рискует стать мертвым явлением. И одна из важных задач реформы языка – этого не допустить. Конечно, нормативная функция грамматики должна сохраняться, но при этом людям должно быть удобно коммуницировать друг с другом» [5].

Байқағанымыздай, Ресей тіл білімінің өкілдері кеңес лингвистикасы қалыптастырған қатаң принциптерден бас тартып, жаңа тенденция мен заманауи лингвистикалық бағыттарға ілесуді жөн санайды. Академиялық грамматикаға академиялық тілдің, *әдеби тілдің деректерін ғана емес, ауызекі сөйлеудегі құбылыстарды да енгізуді құп көреді*. Орыс тілінің академиялық грамматикасының төртінші буынын шығару мәселесін Ресей ғалымдары соңғы онжылдықта көтере бастады. Ал оны жазуға дайындық жұмыстарын осыдан 5-6 жыл бұрын қолға алды.

Қазақ грамматикасының жаңа буынын дайындауға бөлінген уақыт шектеулі. Сондықтан соңғы академиялық грамматика жарық көргеннен кейінгі кейбір ізденістердің нәтижесі қамтылады деп шешілуде.

Ағылшын тілінің жоғары стильдік формасы саналатын академиялық ағылшын тілі нұсқасы қалыптасқан. Оның өзіндік грамматикалық нұсқаулығы бар. Ол «академиялық ағылшын тілінің грамматикасы» деп саналады.

3.4 Еуропа және АҚШ академиялық грамматикаларының құрылымы, рәсімделуі. Еуропалық тілдерде дәл кеңестік кезеңде жазылған академиялық грамматикаларға ұқсас еңбектер жоқ. Соған қарағанда грамматиканың бұл түрін жазу кеңестік мектепке тән жақсы дәстүр, бастама болғаны байқалады. Еуропада ХХ ғасырда трансформациялық-генеративті грамматиканы жазу негізі қалыптасты. Мұның құрылымдық грамматикадан (структурализмнен) айырмашылығы – теориялық білім ғылыми лингвистикалық негізде жазылмайды. Нормативті сипаты аз. Тілдік

конструкцияларды лингвистикалық тіркестер мен фразалардың құрылымы есебінен зерттеуді ұсынады. Бұл грамматикада морфология мен фонетиканы емес, синтаксисті доминант ұғым ретінде қарастырады. Сөйлеушінің сөйлемді құрауына қарай тілдік нормаларды анықтауды жөн санайды. Трансформациялық грамматиканың негізін қалаған – АҚШ лингвисті Ноам Хомский (Noam Chomsky). Ол: «Тілдің құрылымы негізінен қарапайым, түбінде типтік конструкциялар болады, сөйлем сол типтік конструкциялардың алгоритмі, жаттанды әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асады» деп түсіндірді [6]. Грамматиканың бұл түрі тілді дұрыс қолданудың дұрыс-бұрыстығын ажыратып жатпайды. «Грамматиканы дұрыс қолдану» туралы нұсқаулық беру мен ақыл-кеңес айтуды құп көрмейді.

Еуропа мен АҚШ-та трансформациялық және дескрипті грамматика дамыған тұста құрылымдық грамматикаға негізделген академиялық еңбектің жазылуы мүмкін емесі байқалды.

Қазір ағылшын тілі ғаламдық тілге айналды. Ағылшын тілінің британдық, америкалық, канада мен аустралиялық нұсқалары бар. Ағылшын тілінің грамматикасын жазу дәстүрі ортағасырдан басталғандықтан, осы күнге дейін көптеген грамматикалық еңбектер жарық көрді. Ең соңғылары әрі ХХІ ғасырда жарық көргендері мыналар: 2002 жылы шыққан Родни Хаддлстон мен Джеффри Пулдамның «Cambridge English Grammar» (Кембридж ағылшын тілінің грамматикасы) еңбегі [7], 2006 жылы шыққан Рональд Картер мен Майкл Маккартидің «Cambridge Grammar of English» [8] (Кембридж ағылшын тілінің грамматикасы) еңбегі, 2011 жылы шыққан Бас Артстің «Oxford Modern English Grammar» Оксфорд заманауи ағылшын тілінің грамматикасы) еңбегі [9]. Бас Артстің авторлығымен шыққан «Oxford Modern English Grammar» еңбегінде ағылшын тілінің дәл қазіргі синхронды грамматикасын сипаттау мақсатында жазылған еңбек екені көрсетілген: «Бұл грамматиканың мақсаты – қазіргі ағылшын тілінің (британдық және америкалық ағылшын тілінің нұсқаларын бірге алып) құрылы-

сын жан-жақты, заманауи әрі қысқа да нұсқа сипаттап ұсыну. Бұл грамматика сипаттау әдісімен жазылған, бірақ нұсқаулық ретінде басымдығы жоқ. Ағылшын тілі қазіргі сәтте қалай қолданылып жүр – соны сипаттау түрінде жазылды» [9.11].

Сондай-ақ автор ағылшын грамматикасының бұл нұсқасын шығаруға Рэндольф Квирк, Сидни Гринбаум, Джеффри Лич және Ян Свартвиктің 1985 жылы шыққан «Comprehensive Grammar of the English Language» (Ағылшын тілін тегіс қамтыған грамматикасы) және 2002 жылы шыққан Родни Хаддлстон мен Джеффри Пулламның «Cambridge English Grammar» еңбегі [7] негіз етіп алынғанын атап өтеді.

Бұл грамматикада морфология мен синтаксис мәселелері қаралады. Фонетика қосылмаған. Сөзжасам мәселесіне аз көңіл бөлінген. Мысалдарды негіз етіп алған екі грамматикалық еңбектің ішінен (әдеби шығармалар және ауызекі сөйлеу деректері), онлайн-газет, BBC News сынды жаңалықтар арнасынан алған. Сондай-ақ Ағылшын тілінің халықаралық корпусының (ICE-GB) мәліметтері қолданылған. Дереккөздері кітаптың соңында көрсетілген.

«Дәстүрлі грамматика әдеби тілдің мысалдарын қолданса, заманауи грамматикалық еңбектер үшін мысалдарды ойдан құрау әбестік емес. Бірақ түпнұсқа мәтін мен мысалдарды тауып қолдануға басымдық берген жөн. Тілдің шынайы келбеті содан байқалады», - деп ескертеді Бас Артс [9.4].

Қарастырылып отырған ағылшын грамматикалары кесте, формула мен сызбаларды жиі қолданады (8-сурет).


2002 жылы шыққан «Cambridge English Grammar» грамматикалық еңбегін жазуға негізінен 13 автор қатысқан. Алайда алғысөзінде айтылғандай бұған жұмылған авторлар әлдеқайда көп. Бұл еңбекті шығарудағы мақсат соңғы жылдары лингвистикада қол жеткізген жаңа идеяларды түгелдей басын қосып, ағылшын тілінің заманауи грамматикасын теориялық тұрғыдан талдау болды. Сондықтан бұған Ұлыбритания, АҚШ пен Аустралия ғалымдары атсалысты. Зерттеу жұмыстарына,

кітапты жазып шығуға 10 жылдай уақыт кеткен. Кітаптың бет саны 1900-ге жуық.

Авторлар бұл грамматиканы шығарудағы мақсатын былай белгілейді: «This book is a description of the grammar of modern Standard English, providing a detailed account of the principles governing the construction of English words, phrases, clauses, and sentences. To be more specific, we give a synchronic, descriptive grammar of general-purpose, present-day, international Standard English» [7.22]. Аудармасы: «Бұл кітаптың мақсаты – ағылшын тіліндегі сөз бен сөз тіркесін, сөйлем мен мәтінді құрастырудағы құбылыстарды жан-жақты бейнелеп, қазіргі стандартты ағылшын тілінің грамматикасын сипаттау. Нақтырақ айтсақ, біз жалпыға арналған халықаралық заманауи ағылшын тілінің грамматикасын синхронды әдіспен сипаттауды қолға алдық», - делінген.


Грамматикалық құбылыстарды сипаттаудағы принцип жайлы авторлар мынандай көзқарас ұстанады: «Our aim is to describe and not prescribe: we outline and illustrate the principles that govern the construction of words and sentences in the present-day language without recommending or condemning particular usage choices. Although this book may be (and we certainly hope it will be) of use in helping the user decide how to phrase things, it is not designed as a style guide or a usage manual. We report that sentences of some types are now widely found and used, but we will not advise you to use them. We state that sentences of some types are seldom encountered, or that usage manuals or language columnists or language teachers recommend against them, or that some form of words is normally found only in informal style or, conversely, is limited to rather formal style, but we will not tell you that you should avoid them or otherwise make recommendations about how you should speak or write. Rather, this book offers a description of the context common to all such decisions: the linguistic system itself» [7.22]. Аудармасы: «Біздің мақсатымыз – нұсқаулық беру емес, сипаттау ғана: сөз жасалым мен сөйлем құрудағы ағылшын тілінің заманауи нұсқасы қалыптастырып берген иллюстрациялық қағидаларды ба-

These structures can be understood more readily if we use tree diagrams (see section 4.4). The tree for (148) looks like (150). A triangle is used when the internal structure of a constituent can be surmised from other parts of the tree, or is not at issue.




MC = matrix clause (here also a main clause); SUBJ = Subject; NP = noun phrase; DET = Determiner; DP = determinative phrase; D = determinative; N = Head; N = noun; PRED = Predicate; VP = verb phrase; PCR = Preceder; V = verb; CC = Complement Clause; DO = Direct Object

And here is the tree for (149).



Oxford Modern English Grammar

The tree structure we propose for both to the men and their employers in [441a] is:




The marker for the first coordinate is realised by a gap that is co-indexed with the determinative both that occupies pre-nuclear position in the PP – compare the structure given for a relative clause in Ch. 12, §3.1. In [441a] both occurs in pre-nuclear position in the VP both overslept, and is co-indexed with the marker element to the left of it.

Location of gaps

the value of *x* in the proposition 'You insisted that we need *x*', and the intended meaning of [11] is similarly 'I told her the value of *x* in the proposition 'That we need *x* is agreed'. This meaning can in fact be expressed by means of the extraposition construction: I told her what it is agreed that we need.

The structure for the interrogative clause in [11] is as follows:



Cambridge English Grammar

8-сүрет. Ағылшын грамматикасындағы сызбалар

яңдау ғана. Белгілі бір тілдік қолданыстарға шектеу қою – біздің құзырет емес. Десе де бұл ғылыми еңбек тілді қолданушылар мен тілді үйренушілерге түсінбеген дүниелерін ұғынуға көмектеседі деген ойдамыз (соған үміт етеміз де). Бірақ тілді қолдануда басшылыққа алынатын нұсқаулық ретінде жасауды біз қарастырмадық. Десе де, қазіргі ағылшын тілінде сөйлем құрауда қолданылып жүрген кейбір тәсілдерді аз қолданылатын әдістерге жатқызып, тілді үйретуде ондай амалдарды қолданбауға шақырамыз. Немесе кейбір қолданыстар тек белгілі бір стиль аясында ғана, бейресми формада пайдалануы мүмкін. Біз соны ескертеміз», - делінген.

Кітаптың алғашқы тарауы грамматикаға кіріспе ретінде жазылған. Грамматикадағы дәстүр, диахрония мен синхрония, дискрипті грамматика, ағылшын тіліндегі грамматиканың туу, жазу мен сөйлеу, морфология мен синтаксистің басты категориялары, семантика мен прагматика жайлы шолу мәліметтер берілген.

Cambridge English Grammar-да негізінен морфология мен синтаксис мәселелері қа-

растырылған. Сөзжасам мен фонетикаға көп орын берілмеген. Тек кейбір бөлімдерде фонология мен өзгермелі морфология (inflectional morphology) мәселелері қаралған. Сондай-ақ соңғы тарауда пунктуация мәселесін қосқан. Кітапта «грамматика» ғылымына мынандай анықтама берілген: «A grammar of a language describes the principles or rules governing the form and meaning of words, phrases, clauses, and sentences. As such, it interacts with other components of a complete description: the phonology (covering the sound system), the graphology (the writing system: spelling and punctuation), the dictionary or lexicon, and the semantics» [7.3].

«Phonology and graphology do not receive attention in their own right here, but both have to be treated explicitly in the course of our description of inflection in Ch. 18 (we introduce the concepts that we will draw on in §3 of this chapter), and Ch. 20 deals with one aspect of the writing system in providing an outline account of the important system of punctuation» [7.3]. Аудармасы: «Грамматика – сөз, фраза, сөйлем мен мәтінді, форманы құраудың қағидалары

мен ережелерін сипаттайтын тіл ғылымы. Грамматика тілді толық сипаттау үшін фонология (тілдің дыбыстық қабаты), графология (жазу жүйесі – орфография, пунктуация), сөздік және лексика, семантика сынды компоненттермен тығыз байланысты. Фонология мен графология бұл кітапта қарастырылмады. Тек 18- тарауда флексия құбылысын қарастырғанда фонологияның кейбір мәселелері, 3- тарауда жазу жүйесін бір аспектісін қарастырғанда пунктуация мәселесі қозғалды», - делінген.

Айта кеткен жөн, мұндай кіріспе бөлімдер кеңестік кезеңде шыққан академиялық грамматикаларда да кездеседі. Мәселен, 1962 жылы шыққан беларусь тілінің академиялық грамматикасында беларусь тілінің қалыптасуы, грамматика ғылымының туу, беларусь тілінің грамматикасының зерттелуі жайлы мағлұматтар берілген [4].

Cambridge English Grammar-да пәндік көрсеткіштер лексикалық және концептуалды деп екі бөлініп көрсетілген: «The index is divided into two parts, lexical and conceptual; in addition, there are two specialised indexes given in the main text of the book, one covering the classification of catenative verbs (Ch. 14, pp. 1239–40), one the inflection of verbs with simple bases (Ch. 18, pp. 1608–9)». Аудармасы: «Көрсеткіштер екіге бөлінген: олар – лексикалық және концептуалдық индекстер. Сондай-ақ кітаптың негізгі мәтінде екі мамандандырылған көрсеткіш белгіленген, оның бірі септікпен байланысқан етістіктер болса, екіншісі – түбір негізгі етістіктер» [7.1779].

Лексикалық көрсеткіште ерекше морфемалар (a few, aglow, apex, attack), аффикстер (-ed, -een, -eer, -ly), дұрыс (look, call) және бұрыс етістіктер (abhor, begin, choose, choose), демеулік шылаулар (about, for, before, in) жалқы есімдер (NATO, NIREX, Portuguese, Scottish) берілсе, концептуалды көрсеткіштерде ұғымдық атаулар (action, ascriptive, bare role NP), терминдер (abbreviation, active voice, ascriptive) берілген. Сондай-ақ бөлімді жазған авторлар мазмұн бөлігінде көрсетілген.

Соңында ағылшын тілінің грамматикасы аясында тағы қандай еңбектермен танысуға болатыны соңында ұсыныс ретінде көрсетіл-

ген. Мәселен, етістік тақырыбы бойынша Palmer (1987) and Leech (1987), Comrie (1985), English include Binnick (1991), Declerck (1991b), and McCoard (1978), Comrie (1976) and Tobin (1993) сынды ғалымдардың еңбектерімен танысуды кеңес етеді [7.1767]. Ал зат есімі тақырыбы бойынша Reid (1991), Wickens (1992), and Allan (1980), Reid (1991), Wickens (1992), and Allan (1980) сынды ғалымдарды ұсынады [7.1767].

2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасына» ұқсас еңбек түрік тілінде жоқ. Алайда жекелеген авторлардың түрік тілінің грамматикасына жан-жақты қарастырған көлемді еңбектері бар. Солардың бірі – профессор Зейнеп Коркмаздың (Zeynep Korkmaz) «Turkiye Turkcesi Grameri. Shekil Bilgisi» атты кітабы [10]. Бұл еңбек 2003 жылы басылып шықты.

Бұл еңбекті автор түрік тілінің қазіргі грамматикасын түгендеу үшін нормативті-сипаттамалы формада жазғанын айтады. Оның айтуынша, түрік тілінің грамматикасы ғасырлар бойы жіті зерттелмей, концептуалдық бағыты ойдағыдай қойылмады. Автор түрік тілінің грамматикалық білімі бұған дейін араб тілінің грамматикалық қағидаларына, кейін француз грамматикалық ілімінің ықпалында болғанын айтады. Ал Түркия Республикасы құрылғаннан бері грамматика теориялық ғылым ретінде емес, мектепке арналған қолданбалы формада қысқаша оқытылған. Содан авторлар түрік тілінің өзінің концептуалды құрылымын сипаттауды қолға алып, грамматика ілімін зерттеуді жолға қойған көрінеді. «Грамматика саласында нақты ғылыми зерттеу болған емес. Бұл еңбекті жазу үшін авторлар 6-7 жыл дербес зерттеу жүргізді әрі ұзақ жылдар бойы кәсіби біліктілік жинады», - делінген алғысөзде [10.40].

Авторлар бұл еңбекті жазу барысында мысалдарды 1910 жылдан кейін жарық көрген, сұрыптап алынған 300 әдеби шығармадан, ғылыми еңбек пен тарихи құжаттардан, баспасөз материалдарынан терген. Кітаптың өзі 1300 беттен тұрады.

Библиографиялар мен дереккөз алынған шығармалар кітаптың соңында берілген. Алайда мәтіннің өз ішінде сілтемелер жоқ.

Байқағанымыздай, біздің түсінігіміздегі академиялық грамматиканы жазу дәстүрі мен біртұтас құрылымдық, мазмұндық сипаты кеңестік кезеңде қалыптасқан. Десе де, академиялық немесе көлемді грамматикалық еңбектерді жазудың стандартқа айналған, әмбебаптық ұстанымы, қалыптан өзгермейтін құрылымы болмайды. Уақыт өте келе, заманауи тенденциялардың әсерінен көлемді грамматикалық еңбектердің жазылуы форматы да ауыса бастады. Бұрынғы қатаң академиялық стильде емес, заман талабына сай ғылыми-қауымдық, ғылыми-көпшілік бағытта құрастырылу басымдық алды.

Ағылшын тілі сияқты дүниеге жайылып, барлық жақтан үстем болып отырған тілдер үшін ірі көлемді грамматикалық еңбектің барлық шарттарын, принциптерін, теориялық тұжырымдарын толық сақтауды міндеттемейді. Бірақ халықаралық тілдерден жағдайы бөлек қазақ тілінің грамматикалық ұстанымдары мектеп, жоғары оқу орындары мен басқа да жазба тілді қолданатын барлық сфераларда қаралады, бұл тілді сақтаудың, өміршеңдігін жандандырудың бір амалы ретінде қабылданады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, грамматиканы жазудың әр географиялық өңірде қалыптасқан өзіндік дәстүрі мен ұстанымдары бар. Кеңестік тіл білімі мектебі академиялық грамматиканы шығарудың қатаң қағидаларын ұстанған әрі

бұл дәстүр кейінге дейін жалғасын тапқан бағыт болды. Алайда қазіргі лингвистикалық периферия бұл ұстанымдардың өзгеріп, грамматиканы жазудың еуропалық үлгісіне көшуге деген талпыныстардың пайда болғаны орыс грамматистерінің еңбектерінен, пікір-таластарынан байқалады. Бұған байланысты 2016 жылы халықаралық симпозиум өткізіп, орыс академиялық грамматикасының жалпы зертханасы жайлы лексиколог, фонолог, грамматист, этнолингвист, лингвокультуролог, орфограф ғалымдар мен антропоэзектік бағыт өкілдерінің және педагогтардың ойын топтастырып жинақ шығарды [11].

Алда қазақ грамматикасының тағы бір буынын шығару ісі күн тәртібінде тұр. 2022 жылдың соңына дейін жарыққа шығару жоспарланған. Соңғы академиялық грамматика шыққаннан кейінгі (20 жылы бұрын) осы саласында танымал болған ғылыми ойларды қысқа уақытта жинақтап ұсыну басты назарда. Соған байланысты көлемді грамматикалық еңбектерді жазудың заманауи әдіс-құралдары мен техникалық үлгілері, технологиялық бағыт-бағдарын саралау және оны алдағы қазақ грамматикасын кітап ретінде жариялау ісінде пайдалану аса маңызды.

**Мақала OR 11465483 «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты зерттеу жобасы аясында жазылды.*

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана. – 2002. – 784 б.
2. Русская грамматика. Фонетика. Фонология. Ударение. Интонация. Словообразование. Морфология. I том. – Москва: «Наука». – 1980. – 754 с.
3. Татар грамматикасы: өч томда / проект жит. М.З. Зәкиев; ред. Ф.М. Хисамова. – Т. I. Тулыландырылган 2-нче басма.– Казан: ТӘҺСИ, – 2015. – 512 б.
4. Грамматика беларускай мовы. Том 1. Марфалогия. Выдавецтва Акадэміі Навук БССР. – Минск. – 1962. – 542 с.
5. Академическая русская грамматика подвергнется изменениям. - URL: <https://rg.ru/2016/04/13/akademicheskaja-russkaja-grammatika-podvergnetsia-izmeneniam.html> (дата обращения: 20.06.2021).

6. Chomsky N. (1957). *Syntactic Structures*. The Hague: Mouton.
7. Huddleston R., Rodney G., and Geoffrey K. Pullum et al. *The Cambridge grammar of the English language*. Cambridge: Cambridge University Press. – 2002. – 1862 p.
8. Carter R., McCarthy M. *Cambridge Grammar of English: A Comprehensive Guide*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 983 p.
9. Aarts B. *Oxford Modern English Grammar*. Oxford: Oxford University Press. – 2011. – 651 p.
10. Korkmaz Z. *Turkiye Turkcesi Grameri. Shekil Bilgisi*. – 3 bsk. Ankara: Turk Dil Kurumu, 2009. – 1344 t.
11. Сборник тезисов Международного научного симпозиума «Русская грамматика 4.0» (Москва, 13-15 апреля 2016 года). – Москва: ФГБОУ ВО «Гос. ИРЯ им. А.С. Пушкина», 2016. – 951 с.

Әдебиеттер тізімі

1. Kazak grammatikasy. Fonetika, sozhasam, morfologija, sintaksis Kazakh grammar [Phonetics, word formation, morphology, syntax] (Астана, 2002, 784 p.).
2. Russkaja grammatika. Fonetika. Fonologija. Udarenie. Intonacija. Slovoobrazovanie. Morfologija [Russian grammar. Phonetics. Phonology. Accent. Intonation. Word formation. Morphology]. Vol. I («Nauka», Moscow, 1980, 754 p.).
3. Tatar grammar. In 3 volumes. Comp. M. Z. Zakiev. Ed. F. M. Khisamova – Vol. I. 2nd edition expanded (Department of Tatar Folk Art, Kazan, 2015, 512 p.).
4. Grammar of the Belarusian language. Vol. 1. Morphology Publishing House of the Academy of Sciences of the Byelorussian SSR, Minsk, 1962, 542 p.).
5. Akademicheskaja russkaja grammatika podvergnetsja izmenenijam [Academic Russian grammar will undergo changes] Available at: <https://rg.ru/2016/04/13/akademicheskaja-russkaja-grammatika-podvergnetsja-izmenenijam.html> (Accessed: 20.06.2021).
6. Chomsky N. *Syntactic Structures* (Mouton, The Hague, 1957).
7. Huddleston R., Rodney G., and Geoffrey K. Pullum et al. *The Cambridge grammar of the English language* (Cambridge University Press, Cambridge, 2002, 1862 p.).
8. Carter R., McCarthy M. *Cambridge Grammar of English: A Comprehensive Guide* (Cambridge University Press, Cambridge, 2006, 983 p.).
9. Aarts B. *Oxford Modern English Grammar* (Oxford University Press, Oxford, 2011, 651 p.).
10. Korkmaz Z. *Turkish grammar. Knowledge of the Shekel*. 3 ed. (Turk Dil Kurumu, Ankara, 2009, 1344 p.).
11. Sbornik tezisev Mezhdunarodnogo nauchnogo simpoziuma «Russkaja grammatika 4.0» [Collection of abstracts of the International Scientific Symposium «Russian Grammar 4.0» (Moscow, April 13-15, 2016). Сборник тезисов Международного научного симпозиума «Русская грамматика 4.0» (Москва, 13-15 апреля 2016 года). Pushkin State Institute of the Russian Language, Moscow, 2016, 951 p.).

Б. Момынова, К. Слямбеков

Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

Традиция составления академической грамматики на некоторых языках: научный аппарат, структура и оформление

Аннотация. Академическая грамматика – это грамматика отдельно взятого языка, где сосредоточены основные результаты исследований видных ученых, изучивших грамматику языка и поднявших ее на научный уровень, совокупность научно-популярных мыслей и выводов в фундаментальных работах ведущих ученых того или иного языка. Академическая грамматика основывается на языковых системах конгломератов, не как отдельно взятых, а тесно и органически связанных между собой слов, форм слов, словосочетаний, предложений и т.д. Например, некоторые сложные вопросы морфологии можно решить, рассматривая их на основе синтаксиса словообразования, а также фонетики и фонологии. Кроме того, смысл некоторых грамматических значений раскрывается более точно через лексическое значение.

Помогает решить трудные вопросы грамматики, в том числе морфологии, и лексический уровень языка. Язык – это система, язык – это целостность. Установление грамматических норм и показ богатых выразительных возможностей опираются на изложение всей грамматической системы современного казахского языка.

Традиция написания грамматики, которая началась в истории человечества более 2500 лет назад, продолжается до сих пор. Сегодня в странах СНГ публикация академической грамматики стала масштабным направлением. Составление грамматики имеет разные традиции и приемы сбора, представления на каждом языке. Целью данной статьи является сопоставление, выявление лучших примеров и поиск современных средств написания грамматики. Результаты будут использованы для «Қазақ грамматикасы», издание которой планируется в 2022 году.

Ключевые слова: академическая грамматика, морфология, синтаксис, словообразование, история грамматики, казахская грамматика.

B. Momynova, K. Slyambekov

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

The tradition of compiling academic grammar in some languages: scientific apparatus, structure and design

Abstract. Academic grammar is the grammar of a single language, where the main research results of prominent scientists who have studied the grammar of a language and raised it to a scientific level, a set of popular scientific thoughts and conclusions in the fundamental works of leading scientists of a particular language are concentrated. Academic grammar is based on the language systems of conglomerates, not as separate, but closely and organically related to each other, related words, forms of words, phrases, sentences, etc. For example, we can solve some complex morphology issues by considering them on the basis of syntax and word formation, as well as against the background of phonetics and phonologies. As well as the meaning of some grammatical meanings are revealed in more detail through the lexical meaning. The lexical level of the language will also help solve difficult grammar issues, including morphology, in particular. Language is a system, language is integrity. The establishment of grammatical norms and the display of rich expressive possibilities is based on the presentation of the entire grammatical system of the modern «Qazaq grammar».

The tradition of writing grammar, which began more than 2500 years ago in the history of mankind, continues to this day. Today, in the CIS countries, the publication of academic grammar has become a large-scale direction. Grammar compounding has different traditions and techniques of collection, presentation in each language. The purpose of this article is to compare, identify the best examples and search for modern grammar writing tools. The results will be used for «Qazaq Grammar», which is planned to be released in 2022.

Keywords: academic grammar, grammar structure, morphology, syntactic, grammar history, Kazakh grammar.

Момынова Б. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Грамматика бөлімінің меңгерушісі, Алматы, Қазақстан.

Слямбеков Қ. – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Грамматика бөлімінің қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Momynova B. – Employee of the Grammar department, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.

Slyambekov K. – Head of the Grammar department, A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan.